


Бекітемін:
Қажығали Мұханбетқалиұлы
атындағы орта
мектеп-гимназиясының
директоры



Б.Ж.Нуртазина

Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесіндегі
тәрбие тұжырымдамасын жүзеге асыру аясындағы 2023-2024 оқу жылына арналған
7«б» сыныбына арналған тәрбие жұмысының жоспары

Келісемін:
Қажығали Мұханбетқалиұлы
атындағы орта
мектеп-гимназиясының
тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
 Н.А.Азов

Сынып жетекші: Қажым Н.А.

2023 жыл

КЕШЕНДІ ЖОСПАРДЫҢ НУСҚАУЛЫҒЫ

Өскеген жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы.

Ел ертеңі болар бүгінгі бағалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі.

Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пен мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұныарқылы жүзеге асады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шанырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқатан қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман едет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылуы керектігін:

- ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін;
- халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін;
- әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекеcің кәдірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және елбiрлiгiн сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшiлдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
4. Денсаулықты кәдірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашанырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекеcің кәдірлейді.
2. Отаншыл, мемлекетшiл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзінөберік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенгеқұрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.
5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оныңбірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

**Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.
Ұлттық мүдде құндылығы:**

- Қазақстан мемлекеттілігінің ығып кетуіне атсалысу;
 - Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;
 - Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
 - Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;
 - Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;
 - Қоғам игілігі үшін қызмет ету;
 - Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;
 - Ұлттық мәдениетті дәріптеу;
- Күтілетін нәтижесі:**

- Отаншыл, мемлекетшіл жөнелісшілік
- Мемлекеттік рәміздерді қабылдайды
- Елінің тарихын құрметтейді
- Ұлттық мирас, мәдениетті дәріптейді
- Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары

Ар-ұят құндылығы:

- Академиялық адалдыққа ықпалын қолдау;
- Адал еңбекті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Халқына адал қызмет ету
- Әдеп нормаларын ұстану;
- Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;
- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну.

Күтілетін нәтижесі:

- Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;
- Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
- Достарын, сыныптастарын сыйлайды;
- Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

Талап құндылығы:

- Сыни және креативті ойлау;
- Жеке және командалық жұмыс істей білу;

- Білуге, жананы тануғақұштар болу;
- Физикалық белсенді болу;
- Салауатты өмір салтынұстану;
- Технологилык және цифрлык дағдылардыігерілету;
- Дұрыс қарым-қатынасорната білу;
- Уақыт пен қаржынытиімді жоспарлау.

Күтілетін нәтижесі:

- Жан мен тән тазалығынсақтайды;
- Дұрыс тамақтану мәдениетінтүсінеді;
- Қоршаған орта тазалығынсақтайды;
- Ақпараттық, медиа жәнеқаржылык сауаттылык;
- Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Тәрбиенін кешенді жоспарын іске асыруда бағалардың жас ерекшеліктерін ескеруде берілетін ұсынымдар:

6-10 жастағы бала тәрбиесі

Ұсынылады:

- тәрбиелік іс-шаралардың мазмұны, форматы, көркемдік стилі, ұсынылу тәртібі қазіргі бағалардың жас жәнепсихологиялык ерекшеліктеріне, қызығушылықтарына, қабылдауына сәйкес болуы;
- қысқа және ұзақ мерзімде іске асырылатын тақырыптық жобаларды жоспарлау арқылы тәрбие жұмысыныңжүйелілігін, бірізділігін, тұтастығын қамтамасыз ету;

- халық ауыз әдебиеті үлгілері, көркем шығармалар тәрбиелік шаралар мен жобалардың мазмұнын қамтамасызететін дереккөзі ретінде қолдану;

- бастауыш сынып білім алушыларының мінез-құлық әдебі мен өзін-өзі ұстау мәдениетін қалыптастырудыңқұралдарының бірі ретінде қазақ халқының мақал-мәтелдерін, тыйым сөздерін қолдану;

- ұлттық ойындарды («Асық ату» өткізу, Хан талапай, Арқан тартыс, Алтыбақан, Айгөлек, Белдесу, Саққұлақ, Тымыш, Тоғызқұмалақ т.б.) физикалық, зияткерлік тұрғыдан дамуына ықпал ететін құралдардың бірі ретінде қолдану арқылы оның қолданыс аясын кеңейту;
- әлеуметтік тәжірибелер арқылы адамдарға, жан-жануарларға қамқорлық және табиғатты қорғау аясында жасалған қайырымдылық іс-шараларына тарту, оларды әлеуметтік желілерде насихаттау ұсынылады.

Жасөспірімнің тәрбиесі (11-15 жас)

Ұсынылады:

- тәрбие шаралары мен жобаларының мазмұнын, форматын, көркемдік стилін, ұсынылу тәртібін анықтауда жасөспірімдік кезеңдегі бағалардың психологиялык ерекшелігін, қызығушылығын назарға алып, цифрлык технологиялардың жетістіктерін ескеру;
- жас ерекшеліктеріне сай келетін класикалык көркем шығармалар мен көркем әдебиеттерді ұсыну; оқылған шығарма кейіпкерлерінің бойындағы адами қасиеттері мен жағымсыз әдеттерін талқылауға бағытталған кейістік жағдаяттарды шешуді ұсыну;
- еліміздегі тарихи орындарға, ескерткіштерге экскурсия жасау, ел мен жер тарихы туралы деректермен танысу, театрға, музейлерге, мұрағаттарға, ұлттық парктер мен қорықтарға бару, виртуалды саяхаттар жасау немесе/және цифрлык технологиялардың жетістіктерін қолданып таныстыру;
- ақын-жыраулар және ұлт зиялыларының, батырлардың, тарихи тұлғалар мен қоғам қайраткерлерінің өмір жолдарымен, олардан мирас болып жеткен мұралармен таныстыру;
- тарихи, деректі фильмдерді талдау;
- білім алушылардың мәдени және ұлттық мұраны насихаттау бойынша бастамаларына қолдау көрсету;

- табиғатты қорғау, адамның ерекшеліктерінен туындайтын апаттардың алдын алу бойынша жобалар әзірлеу;
- жобаларды жүзеге асыруға отбасын әлеуметтік еріпестікке тарту;
- «Гаджетсіз демалыс» күндерін ұйымдастыру, кітап оқу, спортпен шұғылдану, табиғат аясында серуендеу т.б. шаралар ұйымдастыру ұсынылады.

Жастар тәрбиесі (15-18 жас)

Ұсынылады:

- жастар тәрбиесі ел мен жер тұтастығын, ел тәуелсіздігін қалыптауға, ар-ұят, намысты жоғары ұстауға, адал еңбекпен қызмет етуге, қоғам игілігі үшін азаматтық белсенділік танытуға, жауапкершілікті саналы түсінуге, салауаттық, зияткерлік құндылықтарына негізделген тәрбиеге басымдық берілуі тиіс;
- ел болашағы үшін манызды буын екендіктерін сезінуіне, отбасы алдындағы парызын, Отан алдындағы борышын өтуге белсенділігін арттыруға бағытталған әлеуметтік тәжірибелер мен жобаларға жастарды тарту;
- ұлттың тарихи сана-сезімін жаңғыртудың маныздылығы, тарихи төл шежіресін дәріптеуге айырықша мән бере отырып, халқымыздың ата-бабадан мирас болып қалған мұрасын дәріптеу, ұлттың қолын сақтауда жастардың бойындағы рухты ояту, отаншылдық пен мемлекетшілдік сезімдерін арттыруға бағытталған шаралар ұйымдастыру;
- отбасы құндылықтарын дәріптеуге, отбасын құруға жауапкершілікті түсіндіруге бағытталған іс-шараларға тарту;
- адал еңбекті жоғары бағалауға, еңбек адамын құрметтеуге бағытталған іс-шараларға тарту, кәсіптік бағдарын дұрыс анықтауға қолдау көрсету ұсынылады.

Білім беру ұйымдары мен педагогтың міндеті:

- балаларды зана, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-анасына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, жоғары имандылық, патриоттық, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;
- білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және саламатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға.

Кешенді жоспарды іске асыруда:

Облыстық әдістемелік орталықтары мен кабинеттерінің әдіскерлері «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» жүзеге асыруда педагогтарға әдістемелік қолдау көрсетеді. Оқыту семинарлары мен тренингтер өткізеді.

Жауапты мемлекеттік органдардың сертифицикатталған тренерлері білім беру ұйымдарының педагогтары мен оқытушыларына сыныптан тыс сағаттарын өткізеді, ата-аналар жиналыстары мен тәрбиелік іс-шараларын ұйымдастырады.

Білім беру ұйымы (мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру) басшысының (менгерушінің, директорының) тәрбие жұмысы жөніндегі (әдіскері) орынбасары міндетті:

- тәрбие процесін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;
- тәрбие жұмысын ағымдағы және перспективалық жоспарлауды ұйымдастырады;
- тәрбие процесінің мазмұны мен өткізілу сапасына жүйелі бақылауды жүзеге асырады;
- тәрбие процесін қамтамасыз ететін білім беру ұйымдары әкімшілігінің, әлеуметтік-психологиялық қызметтері мен бөлімшелерінің жұртшылық және құқық қорғау органдарының өкілдерімен, ата-аналар қоғамдастығының, қамқоршылық кеңестің өкілдерімен өзара іс-қимылын үйлестіреді.

Тәрбиеші, сынып жетекші және курааторлардың міндеттері:

- салауатты өмір салтына ынталандыру;
- сыныпта достық ортаны, өзара түсіністікті құру;
- білім алушылардың басқаларға деген жауапкершілігін, ұжымда жұмыс істей білуге баулу;
- ата-аналар жиналысын өткізу (педагогикалық кеңесілулер, тренингтер, әңгімелер, ата-аналарға (басқа да заңды өкілдерге) арналған конференциялар);

- білім алушылардың оқу жетістіктері және ішкі тәртіп ережелерін сақтау мәселелері бойынша ата-аналармен өзара әрекеттесу;
 - аптасына бір рет (дүйсенбіде) сынып сағаттарын өткізу.
- Кешенді жоспардың орындауын бақылау мен басшылық жасау білім ұйымдарының бірінші басшыларына жүктеледі.**
- Орындалған іс-шараларды әлеуметтік желілерде жариялау, #Біртұтас_тәрбие хештегін тегтеу

Ескерту: Біртұтас тәрбие бағдарламасы шеңберінде тәрбиенің кешенді жоспарын іске асыруда ұсынылған мақсат, міндеттер мен мазмұнын сақтай отырып, өңірдегі жергілікті ерекшеліктерді ескеру маңызды.

Жоспарды іске асыруға жауапты мемлекеттік органдар: Қазақстан

Республикасының Оқу-ағарту министрлігі;

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі;

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі; Қазақстан

Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі; Қазақстан Республикасының Жоғары білім және ғылым министрлігі;

Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі; Қазақстан Республикасының

Ішкі істер министрлігі;

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі; Қазақстан

Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі;

Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі; Қазақстан халқы

Ассамблеясы

Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері.

ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ЖОСПАРЫ ҚЫРКҮЙЕК – БІЛІМ АЙЫ

- ☐ 1 қыркүйек-Білім күні, сынып сағаттары
☐ 5 қыркүйек- А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Тіл тазалығы» тақырыбындағы шаралар
☐ Шығыс мұсылмандарының рухани тәлімгері және діни жетекшісі, ақын, ойшыл, зұлама Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930 жыл
☐ Қазақ әдебиетінің XX ғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі, жазушы, драматург Жазушы Оралхан Бөкейдің туғанына 80 жыл

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталуына	Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын мемлекеттік органның атауы	Уақыты

ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)						
1	1 қыркүйек - білім күні «Мектеп – мейірім мекені»	1-11 сыныптар	Салтанатты жиын және сынып сағаттары	«Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштікке және Отаншылдық», «Менің сүйікті мектебім», «Менің алғашқы құстағым» республикалық онлайн акциясы #Bilim_quni хэштегі	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары	01.09.2023
2	Темперамент	5-9 сыныптар	Жеке мінез типін анықтауға арналған тест	хабарлама	Мектеп психологі	06.09.2023
3	«Отбасылық дәстүрлер» («Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы)	8-9 сыныптар	Сыныптан тыс Ата-ана жиналысы	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары, ат-аналар жиналысының хаттамасы	ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі	04.09.2023
4	Білім беру ұйымдарының (мектепке дейінгі, орта, техникалық) қатысуымен «Ұлы даланың – ұлтаралықтың» қазақстан халқының тілдері күніне арналған іс-шаралар	1-11 сыныптар	Тәрбие сағаты	Қазақстан халқының тілдері күніне арналған акциялар, түрлі іс-шаралар	ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі	11.09.2023
5	"Мен қандай оқушымын, менің оқулығым айтып береді"	1-11 сыныптар	Оқулықтардың сақталуы, тазалығы туралы акция	хабарлама	Мектеп-гимназия кітапханашысы, 1-11- сынып жетекшілері	Ай бойына

6	Еріктілер ұйымын құру («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	5-9 сыныптар	Сыныпсағаты	Сынып сағатының жоспары	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары	18.09.2023
7	Салауатты өмір салтын насихаттау және нашакорлық пен есірткібізнесеіне қарсы күрес: «Спорт – денсаулық кепілі	1-11 сыныптар	Тәрбие сағаты	Тәрбие сағатының жоспары/сценаріі	Сынып жетекшіі	25.09.2023

ҚАЗАН – АЛАШ АЗАМАТТАРЫН ҰЛЫҚТАУ АЙЫ

- ☐ 1 қазан - Қарттар күні
- ☐ 5 қазан – Мұғалімдер күні
- ☐ 25 қазан – Республика күні
- ☐ Қазақ жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спандияр Көбеевтің туғанына 145жыл
- ☐ Алаш жұртының әйгілі перзенті, көрнекті қазақ ақындарының бірі, фольклоршы, ғұлама ғалым Машһұр - ЖүсіпКөнеевтің туғанына 165 жыл
- ☐ Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкерім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл
- ☐ Қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі ЖүсіпбекАймауытовтың туғанына 135 жыл
- ☐ Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мәжжан Жұмабаевтың туғанына 130жыл
- ☐ Қазақ халқының XX ғасыр басындағы аса көрнекті ақын-жазушысы, ақыл-ойшысы, демократ ақыныТорайғыровтың туғанына 130 жыл
- ☐ Ақын, жазушы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйым дастыру түрі	Аяқталу нысаны	Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын мемлекеттік органның атауы	Уақыты
КҮНДІЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)						
1.	Қазақ жазушысы, қоғам қайраткері- Спандияр Көбеевтің туғанына 145 жыл	5-9 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатыныңжоспары	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары	02.10.2023

2.	«Ұстаз – Ұлы есім»	1-11 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары	09.10.2023
3.	Білім беру ұйымдарында Абайдың «Толықадам» ілімін насихаттау	1-11 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/сценарийі	Қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімдері, сынып жетекшілері	Қазан айы
4	«Денсаулықтың 6 шарты – таз ауа, дұрыс тамақтану, қозғалыс, тыныш ұйқы, көтеріңкі көңіл-күй, күйзеліске түспеу»	1-11 сыныптар	Сынып сағаты, Ата-аналар жиналысы	Сынып сағатының жоспары/сценарийі, хаттама	Сынып жетекшілер	16.10.2023
5	«Қоғамға қызмет ет» Волонтерлік қозғалыс, қайырымдылық акциялары, әлеуметтік бағдарланған флешмобтар мен челлендждер өткізу.	8-11 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара, Ата-аналар жиналысы	Әлеуметтік бағдарланған флешмобтар мен челлендждер	ҚР Ғылым және жоғарғы білім министрлігі	23.10.2023
6	«Қазақ халқының асыл перзенті – Сәкен» С.Сейфуллиннің туғанына 130 жыл толуына орай	7-9 сыныптар	Көрме-викторина	хабарлама	Мектеп-гимназия кітапханашысы	19.10.2023
7	Дәсс сауалнамасы	8-11 сыныптар	Қорқыныш, стресс, депрессия деңгейін анықтау	хаттама	Мектеп психологі	20.10.2023
8	«Мұзафар Әлімбаевтың» шығармашылығына арналған байқау	7-9 сынып	Көркем сөз байқауы	хабарлама	Тәлімгер Қазақ тілімен әдебиеті пән мұғалімдері	24.10.2023

ҚАРАША – ПОЭЗИЯ АЙЫ

☐ 15 қараша - Ұлттық валюта күні

☐ Күзгі демалыс

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталуынаы	Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмысжасайтын мемлекеттік органның атауы	Уақыты
КҮНДІЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)						
1	«Оян, ар мен адалдық» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	5-11 сыныптар	Сыныпсағаты	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшілері	06.11.2023
2	«Ұлттық тенге мәртебесі» («Еңбегі адал жасөспірен» жобасы)	5-9 сыныптар	Сыныпсағаты	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшілері	13.11.2023
3	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды қалыптастыруға бағытталған «Саналыұрпақ» және «Адал ұрпақ» клубтарымен таныстыру («Жеткіншектің жетіжарғысы» жобасы)	7-11 сыныптар, педагогтер	Тәрбие сағаты	Тәрбие сағатының сценарийі	Сынып жетекшілері	20.11.2023
4.	Су мен электр энергиясын үнемдеугебағытталған «Үнемділік инноваторы» («Еңбегіадал жас өрен» жобасы)	5-11 Сыныптар	Сыныпсағаты	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшілер	27.11.2023
5	Тимбилдинг/ойындар	7-9 сыныптар	Оқушыларды біріге отырып ұйымшылдықпен жұмыс жасауға дағдыландыру	Хаттама	Мектеп психологі, сынып жетекшілер	Қараша айы
5	«Мемлекеттік рәміздерді біл және құрметте»	1-11 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Мектеп тәлімгері, сынып жетекшілері	Қараша айы
6	Социометрия (Дж.Морено)	1-11 сыныптар	Қарым-қатынасты анықтауға арналған әдістеме	Хаттама	Мектеп психологі	Қараша айы

ЖЕЛТОҚСАН – «ҚАЗАҚСТАН - ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ»

□ 16-17 желтоқсан-Тәуелсіздіктің 32 жылдығы

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмысжасайтын мемлекеттік органның атауы	Уақыты
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)						
1.	«Қазақ әдебиетінің жарық жүлдызы Мәжсан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	1-11 сыныптар	Сыныпсағаты	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшілері	04.12.2023
2.	«Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі» («Тогыз айға тоғыз шара» жобасы)	1-11 сыныптар	Сыныпсағаты (Ата-аналар жиналысы)	Сынып сағатының жоспары, хаттама	Сынып жетекшілері	11.12.2023
3.	«Ұлттық рух – тәуелсіздік тірегі» («Жеткіншектің Жеті Жарғысы» жобасы)	5-11 сыныптар	Патриоттық тәрбие сағаты	Сынып сағатының жоспары	ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі	18.12.2023
4	«Таным. Тағылым. Тәрбие» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	5-11 сыныптар	Ата-ана жиналысы	Хаттама	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары	25.12.2023
5	«Қыздар сұлу көрінер қылығымен»	8-11 сыныптар	Деріс және тәжірибе	Анықтама, хаттама	Мектеп психологі	Желтоқсан айы
6	«Қарлақтыру», «Эксперимент», «Аннаграмалар құру»	8-11 сыныптар	Тренинг-сабақ	Анықтама, хаттама	Мектеп психологі	20.12.2023

ҚАҢТАР – «ҰЛТТЫҚ КОД» айы

□ Қысқы демалыс

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмысжасайтын мемлекеттік организациятауы	Уақыты
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)						
1.	Туған өлке акындарының шығармалары («Жеткіншектең Жеті жарағысы» жобасы)	1-11 сыныптар	Сыныпсағаты	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшілері	08.01.2024
2	Кемелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың, зорлық-зомбылықтың, қорлаудың, қудалаудың, балалар ортасында мектептегі атыстардың алдын алу	7-10 сыныптар	Сынып сағаты	Кемелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың, зорлық-зомбылықтың, қорлаудың, қудалаудың, балалар ортасында мектептегі атыстардың алдын алу туралы түсінік қалыптастыру	Мектеп инспекторы, сынып жетекшілер	15.01.2024
3	«Отбасылық таланттар» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	1-11 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/сцена рні	Сынып жетекшісі	22.01.2024
4.	«Спорт Жігер Жетістік» Белгілі спортшылардың, оның ішінде Параолимпиада ойындарына қатысушылардың қатысуымен СӨС қалыптастырудағы спорттың рөлін насихаттау	5-11 сыныптар	Сынып сағаты	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/сцена рні	Сынып жетекшілер	29.01.2024
5	Графикалық диктант	1-11 сыныптар	Әдістемеңі қолдану арқылы бала	Хаттама	Мектеп психологі	Қаңтар айы
6	Қайырымдылық асыл қасиет	8-9 сыныптар	Қайырымдылық акциясы	Хабарлама	Сынып жетекшілері, тәлімгер	24.01.2024

АҚПАН – ОҚУҒА КҮШТАРЛЫҚ АЙЫ

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталуынаы	Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмысжасайтын мемлекеттік органның атауы	Уақыты
КҮНДІЛІКТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)						
1.	Абайдың «Толықадам» ілімі («Балалар кітапханасы» жобасы)	1-11 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/сценаріі	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары	05.02.2024
2.	Балалардың ақпараттық қауіпсіздігін жәнецифрлық сауаттылығын қамтамасыз ету. Кибербуллинг туралы ескерту	5-11 сыныптар	Ашық ақпараттық сабақтар	Іс-шараныңжоспары/сценаріі	ҚР Ақпараттық қауіпсіздік комитеті	12.02.2024
3.	«Сен және Зан» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	1-11 сыныптар	Сыныпсағаты	Сынып сағатының жоспары	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары	19.02.2024
4.	«Қазақ даласының ұлы тұлғалары» («Балалар кітапханасы» жобасы	1-11 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/сценаріі	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары	26.02.2024
5.	Бұқар жыраудың туғанына 330 жыл	8-9 сыныптар	Танымдық деңгей, көрме	Анықтама, фото	Сынып жетекшілер Кітапханашы	20.02.2024
6.	«Мен және менің діңге көзқарасым»	7-11 сыныптар	сауалнама	анықтама	Әлеуметтік педагог Мектеп психологтары	22.02.2024

НАУРЫЗ – ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРДІ ДӘРІШТЕУ айы

- ☐ 1 наурыз – Алғыс айту күні
☐ 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні
☐ 21, 22, 23 наурыз – Наурыз мейрамы
☐ 27 наурыз – Дүниежүзілік театр күні

КҮНДІЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)

№	Іс-шараның атауы	Мақсат ты аудитор ня	Ұйымдастыру түрі	Аяқтауына	Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмысжасайтын мемлекеттік органның атауы	Уақыты
1.	«Үміт сәулесі» акция («Еңбегі ерен жас өрен» жобасы)	5-11 сыныптар	Сыныпсағаты	Сынып сағатының жоспары	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары	04.03.2024
2.	«Ізгіліктің бір ізі -алғыс айту» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	1-11 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара	Сыныптан тыс іс- шараның жоспары/сценарийі	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары	11.03.2024
3.	«Бәрі де, Ана, бір өзінен басталды» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	1-11 сыныптар	Сыныпсағаты	Сынып сағатының жоспары	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру Ұйымдары	18.03.2024
4.	Теріс субмәдениеттердің таралуына жол бермеу және әлеуметтік желілерде, Сонын ішінде TikTok және Discord-та деструктивті және жағымсыз мазмұнды құруға жол бермеу	8-10 сыныптар	Мектеп парламенттері басшыларының саммиттері	Теріс субмәдениеттер бермеу және әлеуметтік желілерде, Сонын ішінде TikTok және Discord-та деструктивті және жағымсыз мазмұнды құруға жол бермеу	ҚР Мәдениет және спорт министрлігі, Денсаулық сақтау Министрлігі	Наурыз айы
5.	«Алғыс айту күніне» іс- шара ұйымдастыру.	8-11 сыныптар	(Ардагерлер үйін жасау, қамқоршылықтағы оқушылардың үйін жасау т.б) Еркіншілер тобымен.	Ардагерлерді сылауды көмек беруді ұйымдастыру	Әлеуметтік педагог ДТДЖО	01.03.2024
6.	Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135 жыл шолу	5-11 сыныптар	Кітап көрмесі	анықтама	Мектеп-гимназия кітапханашысы, 5-11 сынып жетекшілері	Наурыз айы

СӘУІР-ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ АЙЫ

□ 12 сәуір - Ғылым күні

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмысжасайтын мемлекеттік органның атауы	Уақыты
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)						
1.	«Достық – көмекпенмдықты» («Еңбегі адал жасөрен» жобасы)	5-11 сыныптар	Сыныпсағаты	Сынып сағатының жоспары	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары	01.04.2024
2.	«Ұмыт болған ұлттық тағамдар» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	5-11 сыныптар	Сыныпсағаты	Сынып сағатының жоспары	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары	08.04.2024
3.	«Ұлы Дала мұрагерлері» жобасы («Жеткіншектің жеті жасарысы» жобасы)	8-11 сыныптар	Сыныпсағаты	Сынып сағатының жоспары	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары	15.04.2024
4.	«Сөз қадірі – өз қадірі» («Жеткіншектің жеті жасарысы»)	1-11 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/сцена ріі	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары	22.04.2024
5.	«Кітап – тарих, шежіре» 23 сәуір дүниежүзілік кітап күні	1-11 сыныптар	Танымдық әнгіме, көрме	Анықтама	кітапханашы, 1-11 сынып жетекшілері	29.04.2024
6	«Қаныш Сәтбаевтың» 125 жылдығына арналған сайыс	8-10 сыныптар	Викториналық сайыс	Сценарий, анықтама	Тәлімгер География мұғалімі	Сәуір айы

МАМЫР – БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ТАТУЛЫҚ АЙЫ

- ☐ 1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күні
- ☐ 7 мамыр-Отан қорғаушылар күні
- ☐ 9 мамыр-Жеңіс күні
- ☐ 31 мамыр - Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні
- ☐ Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл

№	Іс-шараның атауы	Максатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Анықталу нысаны	Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмысжасайтын мемлекеттік органның атауы	Уақыты
---	------------------	--------------------	------------------	-----------------	--	--------

КҮНДІЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)

1.	«Ұстазға алғыс» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	5-11 сыныптар	Сыныпсағаты	Сынып сағатының жоспары	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары	06.05.2024
2.	«Медиа тіме» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	5-11 сыныптар	Сыныпсағаты	Сынып сағатының жоспары	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары	13.05.2024
3.	«Жеңіс деген шат күлкісібаланың» («Жеткіншектің Жетіжарғысы» жобасы)	1-11 сыныптар	Сыныпсағаты	Сынып сағатының жоспары	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары	20.05.2024
4	«Менің гүлзарым» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	1-11 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/сценарийі	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары	Мамыр айы
5	«Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды» Жеңіс күніне орай	1-11 сыныптар	Танымдық әңгіме, көрме	Сценарий, анықтама	Мектеп-гимназия кітапханашысы 1-11 сынып жетекшілері	Мамыр айы
6	31 мамыр саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне орай	1-11 сыныптар	Кітаптар көрмесі, видеоролик жасау	Анықтама, фото	Мектеп-гимназия кітапханашысы, 1-11 сынып жетекшілері	Мамыр айы
7	15 мамыр-Халықаралық Отбасы күніне орай «Отбасы - бақыт мекені»	1-11 сыныптар	Сынып сағаты	Анықтама	Әлеуметтік педагог Сынып жетекшілері	15.05.2024